

- СССР Н. К. Дмитриева, академика Академии пед-ких наук РСФСР Н.К.Дмитриева (Уфа, 24-26 мая, 2018 год). – Уфа, 2018. – 248 с. – 179-187 с.
10. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. (Етістік). //Қазақ тіл білімі мәселелері/Вопросы казахского языкознание. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
  11. Минский М. Фреймы для представления знаний. – М.: Энергия, 1979. – 151 с.
  12. Рзаев С.А. Семантические разряды глагола в современном азербайджанском литературном языке. Автореферат дис. ...канд. филол. наук. – Баку, 1970.
  13. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, 1974. – 744 с
  14. Тенишев Э.Р. Глаголы движения в тюркских языках. – 232-293 с.; Юлдашев А.А. Глаголы чувственного восприятия. – 294-321 с.; Гаджиева Н.З., Коклянова А.А. Глаголы речи в тюркских языках. // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 322-460 с.
  15. Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // Новое в зарубежной лингвистике: Когнитивные аспекты языка. – М., 1988. Вып. XXIII. – С. 52-92.
  16. Харитонов Л.Н. Типы глагольной основы в якутском языке. – М.-Л., 1951.
  17. Чертыкова М.Д. Глаголы со значением психической деятельности в хакасском языке (системно-семантический аспект): Рукопись дисс. ... док. филол. наук. – Абакан, 2016. – 500 с.
  18. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974. – 407 б.

МРНТИ 16.21.45

Г.Қ.Қортабаева<sup>1</sup>, Г.С.Асқарова<sup>1</sup>, Б.Б. Ешметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## «МАН» ТҮБІРІ: «МАҢҒЫСТАУ» СӨЗІНІҢ ШЫҒУЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

### Аңдатпа

Мақалада «Маңғыстау» атауының шығуына қатысты түрлі болжамдар мен пікірлер сарапталады. Өткен заманда халықтың басынан кешкен тарихи оқиғалардың қатысымен қалыптасқан топонимдер – сол замандардан ақпарат беретін баға жетпес дереккөздер болып саналады. Осы шағын мақалада қолда бар дерек негізінде Маңғыстау топонимінің этимологиясын ашуға тырысамыз. «Маңғыстау» атауының шығуы мен тарихы жайлы Махмұд Қашғаридан бастап көптеген зерттеушілер мен ғалымдар сөз қозғады. Мақалада айтылған пікірлер мен тұжырымдар нақты әрі соңғы деген пікірді білдірмейді. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің жалпы ономастика, топонимика салалары бойынша, этимология бағыттары бойынша ізденген зерттеушілердің еңбектері алынды.

**Кілт сөздер:** топоним, аңыз, миф, мәдени код, «ман» түбірі, ономастикалық деректер, этимология.

Г.К.Кортабаева<sup>1</sup>, Г.С.Асқарова<sup>1</sup>, Б.Б. Ешметова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

## КОРЕНЬ «МАН»: ИСТОЧНИКИ ОБ ЭТИМОЛОГИИ ЛЕКСЕМЫ «МАНГИСТАУ»

### Аннотация

В статье анализируются различные прогнозы и мнения относительно происхождению названия «Мангистау». Топонимы, сформированные в прошлом в связи с историческими событиями, которые пережил народ – являются бесценными источниками

информации того времени. В данной статье мы сделаем попытку раскрыть этимологию топонима Мангистау, сравнивая и сопоставляя различные данные. О происхождению и истории «Мангистау» говорили многие исследователи и ученые, начиная с Махмуда Кашгари. Мнения и заключения, высказанные в статье, не являются конкретными и окончательными. В качестве теоретико-методологических основ исследования были взяты труды отечественных и зарубежных исследователей в области общей ономастики, топонимики и этимологии.

**Ключевые слова:** топоним, легенда, миф, культурный код, корень «ман», ономастические данные, этимология.

*G. K.Kortabayeva<sup>1</sup>, G.S.Askarova<sup>1</sup>, B.B. Eshmetova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

## **ROOT WORD «MAN»: THE SOURCES ABOUT ENTOMOLOGY OF «MANGISTAU» LEXEME**

### *Abstract*

The article analyzes various forecasts and opinions regarding the appearance of the name of «Mangistau». Place names formed in the past in connection with historical events that people experienced are invaluable sources of information of that time. In this article we will make an attempt to reveal the etymology of the toponym Mangistau, comparing and analyzing different data. Many researchers and scientists, starting with Mahmud Kashgari, spoke about the appearance and history of the name "Mangistau". The opinions and conclusions expressed in the article are not specific and final. As a theoretical and methodological basis of the study were taken the works of domestic and foreign researchers in the field of general onomastics, toponymy and etymology.

**Keywords:** toponym, legend, myth, cultural code, root word "man", onomastic data, etymology.

### **Kіріспе.**

Әлем халықтары тілдерінде жалқы есімдер әлемі – ең әдемі, ең қызықты, сырға толы жұмбақ әлем, ғажайып әлем. Грамматикалық тұрғыдан жалқы есімдерге – қоршаған орта, табиғат, қоғамдағы заттар мен құбылыстарға берілген ат немесе атау деген дефиниция берілген [1, 3].

Тарих көкжиегіне көз жіберсек, ономастика ғұламалар назарын ерте аударған. Орта ғасырда, түркі тілдес халықтардың әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылымының шарықтау шағында әл-Фараби (X ғ.), Әл-Бируни (X-XI ғғ.), Дулати (X ғ.), Бабыр (XI), кейінірек ғалымдар В.В.Радлов, Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Е.Алекторов, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.В.Катанов, А.Левшин С.М.Тянь-Шанский, еңбектерінен құнды деректер табуға болады.

Түркі халықтарының, өркениеті, бүгінгі ұстанып отырған салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бай есімдер тарихы – ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан мұра, алтын қазына. Батыста – Қаратеңіз, Азау, Теріскей Қап, төменгі Еділ, Түскей Орал, Каспий маңы алқаптарында, шығыста – Тұран, Алтай, Саян, Байқал, Қиыр Шығыс өңірлерінде халық даналығындағы аңыз бен ақиқаттай боп жеткен мифтік бейнелер, тарихи тұлғалар, ел аузындағы есімдерде біртұтас халық тарихы, психологиясы, географиясы, этнографиясы, мәдениеті жатыр.

Түркітілдес халықтардың өнерін, мәдениетін біртұтас кешенді түрде зерттеу – қазіргі жаһандану үрдісінде өзекті мәселе. Осы бір байырғы ортақ мәдениетті тану мен сақтап қалу түркі ұрпақтарының әлемдік өркениеттегі алар орнын айқындауда ерекше маңызды. Халықтардың тарихи туыстастығы оның тарихы мен тілінде ғана емес, ономастикалық жүйесінде сақталған.

Қазіргі түркітанудың жетістіктері мен жаңа бағыттары әрбір түркі халықтарының өзіндік рухани тәжірибесіне сәйкес маңызды міндеттер мен қызмет атқаратын тарихи-тілдік деректерді зерттеуге жаңа талаптар қойып отыр.

Тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, фразеологиялық, паремиологиялық жүйедегі тілдік-ономастикалық деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау мәселесі – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің негізгі арқауы.

Белгілі бір аймақтың топонимиконын тарих қалыптастырады, сөйтіп, дәуір топонимдері сақталады. Тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын ономастикалық бірліктерде ұлтымыздың мәдени кодтары жатыр.

Жалқы есімдердің семантикасында ұлттық құндылықтары сақталған, нақтырық айтқанда, басқа заттарға ұқсатып, салыстыра атайтын бейнелік топонимдер бар, оларды ғалымдар В.Г.Костамаров пен Е.М.Веращегин «тарихи-элеуметтік тұрғыдан коннотациялы» дей келе, *Хиросима – жай ғана жапон қаласы емес, ядролық жарылыс құрбаны, Киев – орыс қалаларының анасы*, яғни символдық мәнге ие екендігін айтады [2,59].

### **Әдістеме.**

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-салғастырмалы әдістер, ономастикалық деректер, этимологиялық принциптер басшылыққа алынды.

«Маңғыстау» сөзіне тарихи-тілдік этимологиялық талдау жасау үшін, алдымен түркітанушы ғалымдардың алдыңғы буын өкілдерінің ескерткіштердегі лексикалық бірліктерді талдау мәселесі туралы көзқарастарымен танысып, олардың тұжырымдарының негізінде өзіміз зерттеген еңбектегі лексикалық бірліктерге талдау жасағанды жөн деп ұйғардық.

Бүгінгі тілтанымдық зерттеулер үрдісі бұрынғы заманнан бастау алған, халық сана-сезіміне сіңіп, жадында жатталған жалқы есімдер тарихына үңілу, олардың табиғи сырын ашып, тілдік қолданыс аясын анықтау, ұлт мәдениетімен сабақтастыра салыстыру тіл тарихының ұлт тарихынан да ұзақ екендігі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар тоғысында қарастырылады. Сондықтан осы мифологиялық танымды тарихи, географиялық, фольклорлық, лингвистикалық мәліметтермен ұштастыра отырып, кейбір мәселелерді шешуге пайдаландық.

### **Талқылау.**

#### **"Ман" түбірінен туындаған ономдік атаулар**

Түркі ономастикасы бойынша алғашқы еңбектер қатарына Махмұт Қашғаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегін атауға болады.

Осы еңбегінде «Маңғыстау» сөзіне түсінік берген Махмұт Қашқари: «Маңғыстау сөзінің «ман» бөлімі *өгіз* – түркімен тілінде төрт жастағы қойдың аты» деп, «Маңғыстау» атауы – түркімен жеріндегі «Қой қыстау» деген географиялық атау деп анықтама берген.

Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың қара ойын жалғастырып жатқан он төрт құлама жалдың негізгісі «Маната» деп аталады. Бүгінде ернек қабырғасын жарып кетіп жатқан бұл асфальт жолдың салынғанына көп болған жоқ. Осы құлама жолдың екінші аты – «Қаратүйе-Маната». Манатаға ұқсас Манатау деген топонимді алсақ, «Манатау» – Құрманғазының осы жерге келгенде шығарған күйі және «Манатау» – Кіші жүздік жетірудағы Жағалбайлы руының ұраны.

Соңғысының маңғыстаулық Манатаға қатысының бар жоқтығы белгісіз, дегенмен оны да есім этимологиясын ашуға пайдаланып көруге болады. Ал осы Ман-Ата аймақ үшін қандай маңызға ие? Ең әуелі – оның есімінің, яғни «Ман» сөзінің бүтін жартыарал мен облыс, тарихи аймақ – Маңғыстаудың өз есімімен ұқсас болуы.

«Маңғыстау» атауының шығуы мен тарихы жайлы түркімен ғалымы Гурман Алманиязов: «Маңғыстау» көптеген авторлардың топшылағанындай түрін өзгерткен «Мың қышлақ» емес, ешқандай өзгерісі жоқ түркімендердің әдеттегі қолданып жүрген, сөйлеп жүрген *ман* - “үлкен, кең ұлан” деген төркінін сақтаған. Сонда бұл жарты арал түркімен халқының «байтақ, мол» және «кишлақ» деген сөздері әуелде «кең қыстау», «ұлан байтақ қыстау» деген шаруашылық өмірінен алынған географиялық атау деген пікірі М.С.Буйнаковский көзқарасымен ұштасып жатыр.

Академик М.С.Буйнаковский «Маңғыстау және Үстірттің физикалық географиясы» деген кітапшасында: «А.Б.Борнеман и М.Д. Спиридинов пишут: Правильно называть этот полуостров не Мангишлак а Маңғыстау, как его и называет все местные казахское население, что означает 1000 кстау – зимовок или вечная кстау». В слове же Мангишлак искажено введено узбекское слова «кишлак» чуждое казахскому населению» [3, 67].

Қазіргі Маңғыстау жерінде «ман» деген түбірдің ертеден қалыптасқан сөз екенін «Маната» (үлкен), Отман (биіктен от жағып, қарауыл қарайтын тау басы), «Маңсуалмас» (мол сулы құдық) деген жер атаулары дәлелдейді. Маңғыстаудың ең биік шоқысы Отпан тау болып есептеледі. Жаугершілік заманда ел іргесіне жау тигенде адайлар Отпан тау басына от жағып белгі берген. Оны көрген батырлар келісімді жерге жиылып, бас біріктіріп, жауға соққы берген. Сондықтан Отпан тау ел бірлігінің символы болып келді. Зерттеуші Б.Көшімова пан/ман-үндіевропалық тау деген сөз, мағынасы «от тауы» дегенді білдіретінін айтады [4,186].

X ғасырда өмір сүрген белгілі араб географы Әл-Истахри Сиях-Кух Маңғыстау туралы: «Мен бұл аймақта Сиях-Кухтан басқа адам мекендейтін жерді білмеймін. Тек сол өңірде ғана түркілердің бір тайпасы тұрады, олар бұл жерге оғыздармен болған қақтығыстардан кейін қоныс аударып әдеттерін игеріп, тұрақтап қалды» деп жазған.

Ибн Наджиф Бекран: «Маңғышлақ – түркілердің бір тайпасы, олар осы жерге оғыздармен болған татуластық салдарынан қоныс аударып бескүн шығанағына жаяу жерге Сиях-Кухтан қоныс тапты. Оларды маңғышлақтың адамдары деп атайды, олардың өз билеушісі бар, оны хан деп атайды» деп жазыпты.

Араб-мұсылман дәуірінің авторларына тән олқылық – олардың бір аймақ туралы уақыт өзгеруіне қарамастан бірінікін бірін пайдалана беру үрдісі болғанымен, Бекран Әл-Истахрид көшіре отырып, оған толықтыру енгізген. Бұл толықтыру – Маңғыстау түбегін және оған жапсарлас аймақтарды оғыздарға дейінгі мекендеген белгісіз тайпаның *маңғышлақ* деп аталуы.

Топонимист ғалым Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары сөздігінде» (1985) Маңғыстау атауының шығу тегі туралы 4 қисын келтірілген.

1. Маңғыстау «мың қыстау» тіркесінен шыққан;
2. Ноғайдың «менк» деген тайпасының атынан ауысқан;
3. Көне түркі тіліндегі «мен» төрт жастағы қой сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасқан;
4. «Маңғыштағ» «Құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді.

Осындай символдық атаулар мен тілдік деректер зерттеуші С.Қондыбай еңбектерінде айрықша көрініс тапқан. Серікбол Қондыбай «құбыжықтарға» қатысты болжамды дұрыс деп санайды. Шығыс түркі және моңғол мифологиясында «маңғыс», «мангус» айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Моңғолдарда ол тек зұлым, зиянды сипатқа ие болса, түркілерді екіұдай жақсы-жаман қасиетке ие ретінде баяндалады.

Серікбол Қондыбай өзінің қысқа ғұмырында төсекте таңылып жатып, тарих, фольклор, география, этнография, лингвистика, әдеби материалдарды мифологиялық реконструкция тоғысында ұштастырып, 80-нен аса ғылыми мақала жазып, соны қадам, үлкен белеске көтерілді. “Еуразияның ұлы даласында дәурен сүрген салтанатты – көшпелілер өркениетінің тарихы мен мәдениетін, түркі тектес халықтардың адамзат тарихындағы өзіндік орнын жаңаша парықтаған бұл еңбектер байсалды ой-тұжырымдарымен жұртшылық назарын аударып білді” деп пікір жазды көрнекті қазақ ғалымдары Қ.Салғараұлы мен А. Сейдімбек [5,7].

#### **Ман ата: тарихи тұлға ма мифтік бейне ме?**

Серікбол Қондыбайдың айтуынша, бір жағынан, бұл – тарихы тым қарапайым, «дерегі жоқ» делінетін өлке, сондықтан осындай ізденістер жүргізуге қажетті сынақ алаңы бола алады, екінші жағынан, Маңғыстау – ізденістер жүргізуге қажетті фольклорлық базасы сол сақталған өлке, ал фольклорлық материалдар біздің жағдайымызда ең басты мифологиялық қайнар көз болып табылады.

С.Қондыбай «IX-X ғ.ғ. Маңғышлақ тайпасының аты мен бүгінгі әулие Ман-атаның арасында тікелей байланыс бар» деп есептейді. Өйткені көшпелі топонимика дәстүріндегі ат қою тәсілі бойынша белгілі бір сөздердің артына «қышлақ» деген анықтама жалғану үшін әлгі сөз:

- 1) нақты тарихи тұлғаның аты (ру басы, әулие, хан);
- 2) ру аты, яғни этноним;
- 3) белгілі бір шежірелік, мифтік есім (ру атасы) болуы қажет.

Осы шартқа сүйенсек, Ман-ата – белгісіз тарихи тұлға (хан, батыр, ру көсемі, би, абыз), аңыздық тұлға (мифтік шежірелік аталардың бірі) немесе нақты ру тайпалардың есімі болып шығар еді. Осы жорамалды С.Қондыбай “оғыздарға дейінгі әуелі Үстірт пен Сам өңірін кейін Маңғыстауды мекендеген халықтың аты – «ман» болғандықтан, олардың аударылып, оғыздар жалпылама түрде «манның қышлақтары» деп атап, кейін бүкіл аймақтың атауына айналдырып жіберген” деп түйіндейді.

Ман ата – IX-X ғ.ғ. үстірттік және маңғыстаулық ман жұртының өкілі болып табылады. Ол – сол жұрттың реалды тарихи тұлғасының есімі ме, әлде мифтік түсініктеріндегі тұлға ма? – оны дәл айту мүмкін емес. Тұлғаның мифтік генезисі тұрғысынан қарағанда, маңғыстаулық Ман-ата үндіарий мифологиясындағы бірінші адам – Ману деген бейнемен бір текті болуы әбден мүмкін [5, 33] деп жорамалдайды зерттеуші С.Қондыбай.

Маңғыстау топонимиясын зерттеп жүрген ғалым Б.Көшімова *ман* топоформанты *тау* және *өзен* деген мағынаны беретін үндіевропалық сөз болса, Маңғыстау атауы *тау қыстауы* немесе “таулы қыстау” деген мағына береді деп топшылайды. [4,59].

«Ман» сөзінің адам мағынасында түркі есімдерінде (*Отман, Ақман, Қараман, Айтман, Алып-Манас, Алтамыс, Манашы*), қазақ тілінде (*көрер+мен, майтал+ман, орал+ман, шабар+ман*) қолданылуына қарап осы тұжырымды негіз етіп алған. Бастысы – Ман-ата Маңғыстаудың Жер-су иесі іспетті символдық координаттары болып табылады. Біріншісі «Вара» танымдық жүйесінің түсініктері.

С.Қондыбай «Есен-ата – Асан қайғы, Орманбет, «ман» (Манашы, Маната, Отман, Қараман, Ақман т.б.) сияқты образдардың түп-қайнары осы мәдениетте жатыр» деп санайды [6, 29].

Екіншісі – сопылық мәдениеттің далалық исламдық қағидаларға сәтті бейімдей алуы. Ежелгі Маңғыстау – үстірттік және жан-жақтан қашып келген жеке адамдар мен ру-тайпалардың діни түсініктері, халифтері мен эпостары тек осы сопылық ислам уағызшыларының арқасында бірыңғайланып, ортақ түсініктер мен образдарға айналды. Ежелгі әр түрлі сипатты мифтік образдар енді бірыңғай, стандарт бейнелі «сопы жағдайына» айналып шыға келді. Біз Баба түкті Шашты атаның да, Шопан-ата мен Шақпақ-атаның, Масат-ата, Түкті-ата мен Қалипаның, Қапам мен Қараман-атаның, Есен-атаның және басқалардың қай-қайсысының образдарына ежелгі алуан-түрлі мифтік сипат алғандығын айтуға болады.

Тарихшы ғалым Э.А.Абланова «Орта ғасырлық тарихта, яғни оғыздар заманында түбекте қыстауға тек 3-жастағы еркек қойды ғана қалдырғанын, «Маң»-түбірі нақты 3-жастағы малдың аты екені, осыдан келіп «Маң» түбіріне «ғышлақ» сөзінің жалғанғандығы, ал екінші болжамда оғыздар жер атын өздеріне дейінгі көшпенділерден мирасқа алып қалғанын, яғни «Маң» халық, ел, адам, «ғышлақ», «қыстау» мекен, иелік деген түсінік, осы жерден келіп, «Маңғыстау» адам, ру, ел, халық мекені, иелігі деген жер аты шыққан» деп жорамалдайды [7].

### **Нәтиже.**

Зерттеушілер пікірін жинақтай келе, мынадай көзқарастарды жинақтаймыз:

1. Бірінші «Маң» атауын «мың» сан есімімен байланыстырушы зерттеушілер (Вамбери, М. Мендикулов, О. Туманович),
2. Екінші көзқарасты жер атауын көне түркі тіліндегі «Маң» түсінігі «қой» малы деген түсінікпен байланыстырады (М.Қашқари, Ғ. Мұсабаев, М. Әбдіқалықов),

3. Үшінші «Маң» түбірі «үлкен, кең, ел қыстағы» деген көзқарас (С. Шалабаев, Е. Өмірбаев, Қ. Сыдиқов, Г.Амманиязов, М. Тұрсынова, Ү. Қыдыралин),

4.Төртінші «маң», «маңғыш» айдаһар, яғни мифонимдер, мифтік аңызбен байланыстыра суреттейтін Е. Қойшыбаев, С. Қондыбай тұжырымдамалары.

#### **Қорытынды.**

Міне, киелі өңірдің топонимиялық тізімінде осындай атаулар жинақталған. Әйгілі шығыс зерттеушісі, академик-ғалым В.В.Бартольд «түркі тілдес халықтар арасында топоним атаулары өзінің қарапайымдылығымен, әрі тарихи деректілігімен, жерінің қасиетіне сәйкес аттарын дәл тауып қоятын тапқырлығына таң қалдырып отырады» деген пікірімен мақаламызды қорытындылаймыз.

Мақаланың зерттеу нысаны ретінде 362 әулиелі жер – Маңғыстау атауының шығуына байланысты шыққан түрлі қисын-жорамалдар мен пікірлерді сарапқа алып отырмыз. Маңғыстау – бұл тек қазақ халқына қатысты тарих беттері емес, өз кезеңінде ноғайлар түтін түтетіп аруақтарын жерлеген, түркімендер Отан еткен, қалмақтар жерін жайлаған, Хиуа хандығы “меншігім” деп көз тіккен бірнеше халықтың біте қайнасып өмір сүрген мекені. Бүгінгі күні бұл аймақ – республика үшін маңызды экономикалық шикізат орталығы болса, өткен дәуір өрлеуінде халықтар конфедерациясының ядросы ретінде тарихтан өз орнын алып, бірнеше дала халқына баспана болып, талай соғыстарды басынан өткерген ноғай-қалмақ-түркімен-қазақ этномәдени бірлестігінің рухани бесігіне айналған өлке.

Әулиеге деген сенім екі мың жыл бойына киелі Маңғыстауда үзіліссіз келеді. Әр топонимикалық тұлғада жүрегіне ыстық естілетін, мәңгілік жадында қалатын атамекен атаулары бар десек, артық айтпаған болар едік. Атамекен атаулары кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен, еш уақытта ұмытылмас, қимас Отанының, ата жұртының символы іспетті екені баршамызға аян, сол себепті осындай киелі ұғым Маңғыстау топонимиялық әлем көрінісіне тән деп айтуымызға болады.

Ежелгі заманнан бері Каспий маңын, оның шаруашылығын, геологиясын, географиясын, тарихын зерттеушілердің қайсысы болмасын «Маңғыстау» сөзінің шығу төркініне тоқтамай кетпейді, бірақ қазірге дейін түрліше талқыға түсіп, бірізділікке түскен емес. Топонимдерді жинақтау, зерделеу, семантикасын ашу – халық үшін де, ғылым үшін де маңызы жоғары, олардың арасынан да аса маңызды тарихи ақпар беретіндері табылып қалады.

#### *Пайдаланған әдебиеттер тізімі*

1. Қортабаева Г.Түркі ономастикасы. – Алматы, 2017.
1. Верацагин Е.М., Костамаров В.Г. Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М: Русский язык, 1990.
2. Қортабаева Г.Қ. Мифологиялық таным: С.Қондыбай еңбектеріндегі тілдік және тарихи деректер. 2013.
3. Көшімова Б.А. Маңғыстау топонимиясындағы ежелгі тілдік қабат // Сөз семантикасы: лексикография, семасиология, терминология. Алматы, 2009.
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
5. Кондыбай С. Казахская мифология. – Алматы: Нұрлы әлем, 2005.
6. Абланова Э.А. «Маңғыстау» жер атауының шығу тарихы /Қазақ өркениеті = Казахская цивилизация, 5-11 б.С., 2009. - № 1.

МРНТИ 16.21.51

*Г.Қ.Қортабаева<sup>1</sup>, А.Н.Құдайбергенова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ "ЖЫЛҚЫ" АТАУЫ: ЭТИМОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КОНЦЕПТІ

### *Аңдатпа*

Мақалада түркі халықтарының сөздіктерінде "жылқы" сөзінің қалай дыбысталу және түрлері, семантикасы қарастырылады. Әзірбайжан, түрік, түрікмен, гагауыз, қырым татар, карайым, карашай-балқар, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, ұйғыр, хакас, якут тілдерінде кездеседі. Бұл ғылыми мақала «жылқы» ұғымы түркі тілдерінде семантикалық-танымдық көзқарас тұрғысынан зерттеуге арналған. Талданған «жылқы» атауының лексикалық-семантикалық ерекшеліктері түркі халықтарының санасының танымдық моделін көрсетеді. Мақалада қарастырылған «айғыр, арғымақ, ат» сөздерінің синонимдік қатары "жылқы" концептісінің мазмұндық ерекшелігін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар жылқы малына қатысты бірнеше атаулардың этимологиясы жайындағы ғылыми пікірлерді талдап көрсетеді. Қазақ тілі білімі көптен бері тарихи тұрғыдан зерттеліп келе жатқан пәндердің бірі болса да, оның лексикалық қорындағы сөздердің шығу тегі анықталып біткен жоқ.

**Кілт сөздер:** лингвомәдениеттану, гиппоним, концепт, этимология, түркі тілдері, экстралингвистикалық принциптер.

*Г.К.Кортабаева<sup>1</sup>, А.Н.Кудайбергенова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан*

## НАИМЕНОВАНИЕ «КОНЬ» В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ: ЭТИМОЛОГИЯ И КОНЦЕПТ

### *Аннотация*

Это исследование представляет собой лексический взгляд о понятии «конь» с точки зрения семантико-когнитивного подхода между тюркскими языками. Семантические особенности лексических выражений концепта отражены в когнитивной модели сознания тюркских народов. Синонимичные группы, представленные в исследовании, позволили раскрыть содержание понятия «лошадь». Эта статья также рассматривает научные взгляды на этимологию нескольких названий, касающихся коневодства. Несмотря на то, что знание казахского языка долгое время было одной из наиболее исторически изучаемых дисциплин, словарный запас слов в лексическом фонде не был определен. Известно, что предложены четыре общих принципа этимологического анализа: фонетический, морфологический, семантический, экстралингвистический. В статье эти принципы были сохранены в этимологических анализах. Основная цель этимологических основ коневодства заключается в том, чтобы показать, что корни коневодства являются основой тюркских языков.

**Ключевые слова:** лингвокультурология, гиппоним, концепт, этимология, тюркские языки, экстралингвистические принципы.

*G. K.Kortabayeva<sup>1</sup>, A.N. Kudaibergenova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

## THE NAME “:HORSE” IN TURKIC LANGUAGES ETYMOLOGY AND CONCEPT

### *Abstract*

This study is a lexical view of the concept of “horse” in terms of the semantic-cognitive approach between Turkic languages. The semantic features of the lexical expressions of the

concept are reflected in the cognitive model of consciousness of Turkic peoples. The synonymous groups presented in the study revealed the concept of a horse.. The article also reviews the scientific etymology of several names related to horse breeding. Although knowledge of the Kazakh language for a long time has been one of the most historically studied disciplines, the vocabulary of words in the lexical fund has not been determined. There are four general principles of etymological analysis: phonetic, morphological, semantic and extralinguistic. In the article, these principles were retained in the analysis of the etymology of names. The main goal of the etymological foundations of horse breeding is to show that the roots of horse breeding are the basis of Turkic languages.

**Key words:** linguoculturology, hipponym, concept, etymology, Turkic languages, extralinguistic principles.

#### Кіріспе.

Лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар әлеуметтік, рухани және тұрмыстық қатынастар мен заңдылықтарды тілдік бірліктер мен амал тәсілдерден іздейтін, зерттейтін тіл білімінің бір бағыты. Ғалымдардың тұжырымдамалары тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, арақатынасын айқындауға ұмтылуынан туындаса керек.

Мәселен, В. Гумбольдт тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы мәселесін қарастырады: 1) материалдық және рухани мәдениет тілде көрінеді; 2) кез келген мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде көрінеді; 3) ұлттық рухтың көрінуі оның мәдениетінде; 4) тіл – адам мен оны қоршаған дүниені жалғастырушы аралық. Адам өзінің әлемге деген көзқарасын, дүниетанымын тіл арқылы бейнелейді.

Әрбір тілдің өзінің ішкі, ұлттық өзгешеліктері бар болғандықтан, кез келген тіл әлемнің суретін өзінше салады. Себебі әр халықтың басынан кешірген тарихы, рухани болмысы, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы сол тілді иеленушілердің ортасында қалыптасып, сол тілде сақталады. Демек, сөз заттың тікелей атауы ғана емес, адам санасындағы шығармашылық үдерістің жемісі. Олай болатын болса, сөз затты атап қана қоймай, оны танытады, анықтайды. Ал таныту белгілі бір халықтың өмір сүріп отырған кезеңдеріндегі нақты жағдайларына байланысты әр алуан болады. Бұдан әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктері, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын тілдік деректері болады деген қорытынды жасаймыз.

Лингвомәдениеттану саласын нақтылай, айқындай түсетін ұғым – концепт.

Концепт адам санасында әмбебап қызмет атқарады. Концепт термині ғылыми әдебиеттерде XX ғасырдың ортасында қолданысқа енген. Алайда 1928 жылы жарияланған С.А. Аскольдовтың «Концепт и слово» атты мақаласында концепт терминін «мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [10, 267 ], – деп түсіндіреді.

Орыс тіл білімінде концепт терминіне көптеген анықтамалар берілген. Дегенмен, ғалымдардың пікірлері біржақты болмағандықтан, лингвомәдениеттану саласында концепт мәселесіне байланысты тартыс туындайды. Ұғым белгілі бір заттың жалпы, көзге көрінетін заттық белгілерін береді. Ал концепт заттың тек көзге көрінетін ғана емес, кез келген абстрактілі белгілерін бере алады. Демек, ұғым мен концепт екітүрлі мәселе.

В.Н.Телияның көзқарасы бойынша, «концепт – это все то, что мы знаем об объекте во экстенсии этого знания» [1, 97], – дейді. Белгілі бір заттың жалпы абстракциялы белгілерінің барлығы концептіні құрайды. Сондай-ақ, В.Телия концептіні белгілі бір зат не құбылыстың әлемдегі типтік образдары мен «прототипін» қалыптастыратын категория екенін ерекше атап өтеді.

Н. Уәлиев ұғым мен концепт, мағына мен концепт жайлы былайша ой толғайды: «Ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат меже тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық,



фразеологиялық, паремологиялық т.б.) құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым.

Концепт – көп аспектілі ментальді құрылым болғандықтан, әр концептіде (бірінші және екінші атауыштың қызметтеріндегі сөздердің) аталған терминдер түрлі коннотацияларға, түрлі аялық білімге ие.

Жылқы (лат. *Equus ferus caballus*) – [тактуяқтылар](#) отрядының бір тұқымдасы. Жылқы адамзат өркениетіндегі, әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі болады. Жылқыны қолға үйрете бастау [көшпелі шаруашылық](#) пен өркениет дамуының негізін қалады. Қолға үйретілген жылқының (*E. caballus*) шаруашылықта маңызы зор. Ол – ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, әскери және спорттық бағыттарда өсіріледі [11].

Әдістеме.

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы-салғастырмалы әдістер, ономастикалық деректер, этимологиялық принциптер басшылыққа алынды. Жалпы этимологиялық талдау жасаудың төрт түрлі принципі ұсынылып жүргені белгілі: фонетикалық, морфологиялық, семантикалық, экстралингвистикалық принциптер. Мақалада атаулардың этимологиясына талдау жасалғанда осы принциптер ұсталынып отырды. Жылқы малына қатысты сөздердің этимологиялық негіздерін берудегі негізгі мақсат – жылқы малына қатысты түбір сөздердің негізі түркі тілдерінің өзінде жатқандығын көрсету.

«Жылқы» сөзіне тарихи-тілдік этимологиялық талдау жасау үшін, алдымен түркітанушы ғалымдардың алдыңғы буын өкілдерінің ескерткіштердегі лексикалық бірліктерді талдау мәселесі туралы көзқарастарымен танысып, олардың тұжырымдарының негізінде өзіміз зерттеген еңбектегі лексикалық бірліктерге талдау жасағанды жөн деп ұйғардық.

Бүгінгі тілтанымдық зерттеулер үрдісібұрынғы заманнан бастау алған, халық сана-сезіміне сіңіп, жадында жатталған жалқы есімдер тарихына үңілу, олардың табиғи сырын ашып, тілдік қолданыс аясын анықтау, ұлт мәдениетімен сабақтастыра салыстыру тіл тарихының ұлт тарихынан да ұзақ екендігі лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар тоғысында қарастырылады. Сондықтан осы мифологиялық танымды тарихи, географиялық, фольклорлық, лингвистикалық мәліметтермен ұштастыра отырып, кейбір мәселелерді шешуге пайдаландық.

Жоғарыда тақырыпқа сай термин, атауларға анықтама бере келе зерттеу жұмысымыздағы «жылқы» лексемасы туралы қарастырмақпыз.

Қазіргі уақытта түркі халықтарына ортақ жылқы малына қатысты көзқарастың, танымның негізін анықтау мақсатында, ең алдымен, жылқы ұғымының түпкі атауының этимологиялық ерекшелігін қарастыру керек деп білемін.

Осы тақырыпта сөз еткен түркітанушылар өте көп. А.Шынардың, Ш.Эльчиннің, А.Хусейннің, М. Меричтің, М.Муанның, Р. Нурдың, И. Севюктің, Н. Ұшардың, өзбек ғалымы Н.Махмудовтың зерттеу еңбектері жылқы атаулары мен маңыздылығына арналған. Бұл зерттеушілер әртүрлі түркі халықтарының өкілдері.

Мақалада этнолингвистикалық талдаулар кездеседі. Этнолингвистика ғылым ретінде бастауын XIX ғасырдың 70-жылдарында АҚШ елінде алады. Алғашқы этнолингвистикалық зерттеу еңбектер үндіс тайпаларын зерттеуден басталады. Америкалық ғалымдар Ф.Боас, Эдуар Сепир, Бенджамин Уорф этнолингвистика терминінің орнына антропологистика, этносемантика терминдерін қолданған.

Талқылау.

Түркі тілдеріндегі «жылқы» сөзінің семантикасы

Тамыры терең түркі халықтарының тарихын жаңғырту барысында ешқашанда өзінің құндылығын жоғалтпайтын М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткішінен бастаған жөн. Өйткені М.Қашқари түркі халқының тілінің дамуы мен қалыптасуы жолында ерен еңбек еткен сауатты зерттеушілердің бірі. М.Қашқари осы туыс халықтардың тілдік бірліктерін, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін қарастырып

сөздік жазған. Тарихы терең, түбі бір түркі қоғамында жылқының ең басты қызметі көлік болғандықтан ол көшпенділер қоғамының қозғаушы күші, байлық белгісі, байлықтың өлшем таразысы, сұлулықтың символы болып табылады. Адам баласының қолға үйреткен жануарларының ішінде күшті де көрікті жылқы түлігі адамның сенімді серігі бола біліп, жасампаздық рөл атқарды. М.Қашқари орта ғасырлық түркілер үшін жылқының маңызын

Kuř kanatın er atın «Құс қанатымен ер атымен» деп көрсетеді [12, 63].

Кез-келген сөздің шығу тегі мен дамуы этимологиялық сөздіктерде беріледі. Біршама түркі халықтарының сөздіктерінде "жылқы" сөзінің мағынасы "ат" деп көрсетілген. Бұлай дыбысталу әзірбайжан, түрік, түрікмен, гагауыз, қырым татар, карым, карашай-балқар, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, ұйғыр, хакас, якут тілдерінде кездеседі. Жанауар атауларын алғашқылардың бірі болып зерттеген, көрнекті түркітанушы М.Щербактың айтуынша "ат" атауы жоғарыда аталған тілдерде кездеседі. Сонымен бірге алтай, құмық, тува, қырғыз, хакас, тілдерінде "мерин" атауымен де, ал, якут тілінде "есек", "ат оғус" деген секілді атаулармен де аталады екен [5, 8].

«Ат» сөзі қайдай пайда болды деген сұраққа бірнеше көзқарастар бар.

А.Вамберидің пікіріне сүйенетін болсақ ат сөзі айғыр сөзінің алғашқы буыны мен от/өт (бұқа) сөздерінің әсерінен туындаған дейді. С.Мираяма болса ат сөзі тувалық "аьт" және моңғолдық "агта" (мерин) сөздерінің қатынасынан пайда болған агт «жылқы» сөзінен алынған деп есептейді.

Ал А.П.М. Мелиоранский агта сөзінің шығуын персид тіліндегі агма «піштірілген» және ахтан «шығару» деген сөздерінің байланысынан алынған дейді. Г.Рамстедт зерттеу басында түріктің акта «піштірілген ат, атқа міну» және тұңғыс тілінің актаки «солтүстік бұғы» сөздерімен салыстыра қарастырса, уақыт өте келе моңғол тілінің ата, атан«мерин, төселген түйе» сөздерімен қатар қарастырды [6, 197].

Бұл зерттеулерге орай ат «мерин, жылқы» сөзінің көне түріктік ахта «төселген, піштірілген» сөз ортасындағы арткытілдік дауыссыз дыбыстың түсіп қалу әсерінен пайда болуы мүмкін деген тұжырымға келеміз.

Түркі тілдерінде жылқы мағынасын беретін басқа да атаулар бар. Мысалы, чуваш тіліндегі лаша сөзі жылқы деген мағынаны білдіреді. Бұдан бөлек башқұрт, татар, құмық тілдеріндегі алаша, ноғай тіліндегі аласа "мерин, жылқы" деген ұғымдарды береді. Ал, алаша сөзі әзірбайжан тілінде "әлсіз жылқы", түрікмен тілінде "құлын", маньчжур тілінде алашан "әлсіз жылқы" деген ұғыммен тең. А.М. Щербак өз зерттеулерінде "алаша (аласа, лаша) сөзі фин-угор тілінде және өзгеріске ұшыраған күйде орыс тілінде де кездеседі" деп жазады [5, 87].

Неміс ғалымы М.Фасмер бұл сөздің пайда болуы елдерінен бастау алады деген ой тастайды. Ғалым чуваш тіліндегі лаша, түрік және қырым-татар, карашай-балқар тілдеріндегі алаша сөздерін мысалға ала отырып, сонымен бірге, В.В. Радлов, Ф.М. Корш, Е. Бернер, П.М. Мелиоранский секілді ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып ат сөзінің түркі тілдерінің көне кірме сөздерінен пайда болған деп пікір білдіреді.

М. Фасмерлошакформасын ишак «есек» сөзімен ұқсастыра қарастырады. Ол алаша ат плеанистік тіркесіне күмәнмен қарайды, өйткені, бұл сөздердің қосындысы лоша+адь болғанымен «жылқы+жылқы» қайталанған тіркес болуы мүмкін емес деп түсінеді [8, 600].

Әрі қарай, «айғыр» сөзінің этимологиясына назар аударайық. Түркі тілдерінде бұл мағынаның түрлі нұсқасы берілген: түрікмен, әзірбайжан, қырым татар, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, өзбек (диалект тілінде), алтай, хакас тілдерінде айғыр; түрік, өзбек, ұйғыр тілдерінде айғыр / айгир; түрік тілінің диалектілерінде айқыр / айкир; жазбаша ескерткіштерде эигир / эгир; сары-ұйғыр тілінде азғыр; тува тілінде аскыр; в хакастарда асхыр; карашай-балқар тілінде азхир/азыр. Бұл жерде бірінші буында ай/ой/эй/э\хай\аз\ас\аа\ы\ар кезектесіп келетінін байқауға болады.

Кейбіреулері өз тіліндегі заңдылықтарға сәйкес келеді. Э.В. Севортян айгыр сөзі өзінің барлық түрдегі нұсқаларымен ататүбірдегі аат-тан алынған ад формасы деп санайды [5, 107 ].

Арғымақ сөзінің шығуы туралы пікірлер

Ендігі кезекте арғымақ сөзінің шығу тегі мен құрылуын талдайық. Бұл сөздің мағынасын

К.К. Юдахин аргамак «текті жылқы» сөзімен түсіндіреді және мақал арқылы мысал келтіреді: Арғымақтың жакшысы чапса – күлүк, сатса – пул [9, 66 ]. Бұл сөзбен аргын «қодас пен үй сиырының будандасқан түрі» сөзі қатар жүреді. Бұл сөздердің арасында генетикалық байланыс бар екені түсінікті. Өйткені, текті жануарлар будандасу арқылы арқылы пайда болады. Аргы (бәйгеге қосатын жылқы) және аргым (қатты шабыс) сөздері арғымақ сөзімен тарихи байланысты болуы әбден мүмкін.

Қырғыз тіліндегі арғымақ сөзін басқа түркі тілдерімен салыстыратын болсақ, бір-бірімен өте жақын екенін аңғарамыз. Мысалы : қарайым тіліндегі қырым диалектісінде, татар, түрікмен, шағатай (өлі) тілдерінде арғымақ/аргамак; қырғыз, алтай, қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, өзбек тілінің диалектілерінде арғымақ; қырым тілінде агырмак; лобнор тілінде агмак; чуваш тілінде уркамак [5, 171 ].

Түркі тілдерінде арғымақ сөзі нені білдіреді?

1. Асыл тұқымды, қаны таза, араб жылқысы (түрікмен, қырғыз, қазақ, ұйғыр, алтай, чуваш).

2. Жүйрік, мінуге арналған жылқы (ноғай, татар, башқұрт).

Жүйрік, қайратты , жауынгерлікке арналған (қарайым тіліндегі қырым диалектісі).

3. Асыл тұқымды ит

4. Жабайы құлын мен үй жылқысының буданы

Жылқы тұқымдарының мағынасын беретін

Аргамак/арғымак/аргын/аркын сөздері екі бөліктен тұрады: түбір етістік аргы/арга «қатты шабу» және түбірде іс-әрекет иесін білдіретін -мак, -н жұрнақтары.

**«Жылқы» атауының тілдік бейнесі**

*Түрік халқының жылқыға деген көзқарастарында біраз ерекшеліктер кездеседі. Түріктер жылқының етін жемейді, қымызын ішпейді. Мұның себебін түрліше түсіндіреді. Қазақтар мен түріктердегі жылқы өсіру мәдениетін зерттеген Али Аббас Шынар «түріктер ислам дінін қабылдағаннан бастап жылқы етін жемейді» деген мәлімет келтіреді [13, 78 ].*

*Енді бірде жылқыға деген құрметтің жоғары болғандығы себепті оның етін жемейтіндіктерін айтады. Бірақ ислам дінінде жылқы етін жеуге тыйым салынбағаны бәрімізге аян.*

*Түріктерде atın ölümtü arpadan olsun (тамақсаулық); at izi it izine karışmak (жақсыны жаманнан ажырата алмау); ata et, ite ot vermek (ісмі дұрыс атқармай); atlar tepişir, arada eşekler ezilir; at kafalı т.б. фразеологиялық тіркестер кездеседі. Atlar tepişir, arada eşekler ezilir (атлар теңишир, арада ешеклер езилір) деген мақалында үлкендердің әсерінен кішілердің зардап шегуі жайлы мағына бар. Бұл қазақ тілінде «екі түйе жанасса, арасында шыбын өледі» мақалымен беріледі. Әлдінің әлсізге жасайтын зорлығын бейнелейтін бұл тіркеске «ірілік», «зорлық» семалары негіз болған.*

*At kafalı (ат кафалы; сөзбе- сөз аудармасы: ат басты) деген тіркес «ақымақ» мағынасын береді.*

*Негізінен түркі халықтарында «ақымақтық» көбінесе қой, есек, шошқа денотаттары арқылы берілген. Халық жылқы жайын сөз еткенде, біріншіден, оның ерге серіктігін, жүйрік қасиетін, дене бітімінің сұлулығын сөз еткен. Ал оны «ақымақ» ретінде көрсету сирек кездеседі [14, 141 б., 56 ].*

*Қырғыз халқында «Сиыр сойсоң, үш күн үйүңө жолобо, жылқы сойсоң, жети күн үйүңөн чыкпа» деген тіркесі бар. Сөзбе-сөз аудармасы: «Сиыр сойсаң, үш күн үйіңе жолама, жылқы сойсаң, жеті күн үйіңнен шықпа». Бұл жерде қырғыздардың сиыр етінен жылқы етін артық бағалайтындығын білуге болады.*

#### Нәтиже.

1. Түркі халықтарының сөздіктерінде "жылқы" сөзінің мағынасы "ат" деп көрсетілген. Бұлай дыбысталу әзірбайжан, түрік, түрікмен, гагауыз, қырым татар, карым, қарашай-балқар, қырғыз, қазақ, ноғай, қарақалпақ, татар, башқұрт, ұйғыр, хакас, якут тілдерінде кездеседі;
2. Алтай, құмық, тува, қырғыз, хакас, тілдерінде "мерин" атауымен, ал, якут тілінде "есек", "ат огус" деген секілді атаулармен де аталады;
3. «Айғыр» сөзінің этимологиясын талдағанда, бірінші буында ай/ой/эй/э\хай\аз\ас\аа\ы\ар кезектесіп келетінін байқауға болады;
4. Халық жылқы жайын сөз еткенде, оның ерге серіктігін, жүйрік қасиетін, дене бітімінің сұлулығын сөз еткен;
5. Жалпы, жылқы түлігіне байланысты айтылатын атаулар мен сөздер, сөз тіркестерінің саны екі жүзден асады.

#### Қорытынды.

Жоғарыда берілген мысалдардың бәрін саралай отырып, мынадай түйіндеме жасасақ болады: жылқы малы сонау Күлтегіннен де арғы заманнан бері қолға үйретіліп, көшпенділер өмірінде адал хайуан рөлін атқарған. Ескерткіштер бетінен табылған тілдік бірліктер осыған дәлел. Мыңдаған жылдар өткенмен, қазақ тіліндегі фразеологизмдер, мақал-мәтелде жылқы түлігінің халықтың салт-дәстүрі, мәдениетінде үлкен орны бар екендігін көрсетеді. Фольклорда, ұлттық ойындарда, тіпті еліміздің ту бейнесінде жылқының түр-сипаты, шабысы, мінезі бірде сөзбен, бірде суретпен көрініс тапқан.

Осылайша жылқы малына қатысты атаулар түркі тілдеріне ортақ негіздер мен көне лексиканың әсерінен пайда болғанын айта аламыз. Атаулардың біршамасы көп ғасырлар бойы сақталып келген, кейбіреулері тілдік ерекшеліктерге орай фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. *Алдағы зерттеулерде жылқы атауларына қарай жасын анықтау, түсіне байланысты атаулар және мақал-мәтел, тұрақты тіркестерде кездесетін бірліктерді жинау мақсаты тұр.*

Жинастырылған мәліметтерді сараласақ, ат лексемасы өзінің номинативтік мағынасында VIII ғасырдан бері қолданылып келеді.

Жоғарыда берілген тілдік бірліктерді саралайтын болсақ, чуваш және хакас тілдерінен өзге түркі тілдерінде «жылқы малы» «ат» деп аталып, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, алтай тілдерінде «жылқы» деген синонимдік атаулары қолданған. Чуваш тілінде жылқы малының тағы да бір атауы алаша сөзінің қолданысын кездеседі.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. М.: Академический проект, 2004. С. 42-67
2. Потебня А.А. Мысль и язык. Издательство «Лабиринт». М., 1999. 300 с.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. Под ред. В.Н. Ярцевой. М.: Советская энциклопедия, 1990. 685 с.
4. Блинова О.И. Внутренняя форма слова: мифы и реальность. [Текст] / Вестник ТГУ. Серия «Филология», 2012. № 4 (20). С. 5-11.
5. Щербак А.М. Название домашних и диких животных в тюркских языках. [Текст] / Щербак А.П. // Историческое развитие тюркских языков. М.: Изд. АН СССР, 1961. С. 82-173.
6. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). [Текст] / Севортян Э.В. М.: Наука, 1974. 767 с.
7. Русско-кыргызский словарь: В четырех томах. Б., 2012. I том. 752 с.; II 720 с.; III 648 с.; IV 692 с.
8. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка: В 4 томах / Пер. с нем. и доп. О.С. Трубачева / Под ред. Б.М. Ларина. Изд. 2-е, стер. Том I (А-Д). М.: Прогресс, 1986.

- 529 с. Том II (Е-Муж). М.: Прогресс, 1986. 672 с. Том III (Муза-Сят). М.: Прогресс, 1987. 832 с. Том IV (Т-Ящур). М.: Прогресс, 1987. 864 с.
9. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Около 40 000 слов. Ф.: КСЭ, 1985. Кн. 1. А - К. 504 с. Кн. 2. Л - Я. Ф.: КСЭ, 1985. 480 с.
10. Мухатаева А. Этнолингвистическое изучение лексики казахского эпоса (сфера материальной культуры). Алматы, 1989. Автореферат.
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
12. Қалыбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1997. – 72 б.
13. Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
14. Қайырбекова Ұ. Түркі лексикасын компонентті талдау (қазақ, түрік, өзбек тілдеріндегі үй жануарлары негізінде). Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Шымкент, 2003. – 141 б.

МРНТИ 16.21.33

Г.С.Косымова<sup>1</sup>, Ж.Б.Бурибаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МӘДЕНИ ДИСКУРС МӘСЕЛЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада тіл біліміндегі дискурс мәселесінің зерттелуі сөз етіледі. Дискурсқа тән белгілер, оның топтастырылуы, зерттеуші отандық және шетелдік ғалымдар, олардың дискурсқа берген анықтамалары кеңінен талданады. Қазақ тіл білімінде дискурс мәселесін қарастырған, дискурс пен мәтіннің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсеткен Ж.Манкеева, Н.Уәли, Г. Буркитбаева, Ж.Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева т.б. ғалымдар пікірлері мен зерттеулері басшылыққа алына отырып, дискурс түрлеріне талдау жасалынады.

«Мәдени дискурс» ұғымының мағынасы тілдік деректер арқылы түсіндіріледі. «Мәдени дискурс» ұғымын ашу барысында «тіл» - «ұлт» - «мәдениет» ұғымдарының маңыздылығы дәйектеледі. Халқымыздың бай сөздік қорын танытатын мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, фразеологиялық сөз оралымдары, шешендік сөздер мәдени дискурсты танудағы басты тілдік тұлғалар екені көрсетіледі. Тілдік код және мәдени код мәселесі сөз етіледі. Мәдени дискурсқа тән ерекшеліктер топтастырылып көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** дискурс, мәдени дискурс, тілдік қарым-қатынас, диалог, адресат, адресант, ұлттық таным.

G.Kossymova<sup>1</sup>, Zh.Buribayeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## THE ISSUES OF CULTURAL DISCOURSE IN KAZAKH LINGUISTICS

### Abstract

The article deals with the problem of discourse in linguistics. Features of the discourse, its classification, and research of domestic and foreign scientists, their discursive definitions are widely analyzed. The types of discourse are analyzed, taking into account the views and studies of scientists, such as Zh. Mankeeva, N. Uali, G. Burkitbaeva, J. Kenshinbaeva, Sh.A. Nurmysheva and others, in whose works the problems of discourse in Kazakh linguistics, as well as similarities and differences of discourse and texts are explored.